

## Жезқазған қаласында азаматтарды тіркеуді жүргізу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің 2011 жылғы 23 қарашадағы N 2 шешімі. Қарағанды облысы Жезқазған қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 12 желтоқсанда N 8-2-146 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің 2012 жылғы 22 маусымдағы N 1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің 2012.06.22 N 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Занына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Занына сәйкес Жезқазған қаласының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Қарағанды облысы Жезқазған қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Қасимов С.Қ. – келісім бойынша) 2012 жылдың қаңтар-наурызында Қарағанды облысы Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасының әскерге шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын, сондай-ақ жасы үлкен бұрын тіркеуден өтпеген Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын тіркеу жүргізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары **Б.М. Ахановқа** жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жезқазған қаласының әкімі* **Б. Әбдіғалиұлы**

**КЕЛІСІЛДІ:**

*"Қарағанды облысы Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің*

*бастығы*

**С.Қ. Қасимов**

23.11.2011 ж.